

**"Ғылым жөніндегі жыл сайынғы ұлттық баяндаманы дайындау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 21 тамыздағы № 369 Жарлығына толықтыру енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 12 тамыздағы № 383 Жарлығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2024 жылғы 26 тамыздағы № 629 Жарлығымен.

Қазақстан Республикасының  
Президенті мен Үкіметі актілерінің  
жинағында жариялануға тиіс

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Президентінің 26.08.2024 № 629 Жарлығымен.  
ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. "Ғылым жөніндегі жыл сайынғы ұлттық баяндаманы дайындау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 21 тамыздағы № 369 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2012 ж ., № 67, 952-құжат) мынадай толықтыру енгізілсін:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Ғылым жөніндегі жыл сайынғы ұлттық баяндаманы дайындау қағидаларында:

3-тармақта:

мынадай мазмұндағы 7-1) тармақшамен толықтырылсын:

"7-1) Қазақстан Республикасы Президентінің Ұлттық баяндаманы мақұлдауының қорытындылары бойынша берілген ұсынымдарды іске асырудың толықтығын талдау, отандық ғылымды дамытудың түйінді бағыттары бойынша прогресті бағалау, форсайттық зерттеулердің нәтижелері (3 жылда 1 рет мерзімділікпен);".

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

Қ. Тоқаев